

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



КІТАПХАНА

Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы

Библиографиялық
көрсеткіш



Шымкент 2023 жыл

УДК 01
ББК 91.9-83
Б 12

Жауапты библиограф: Тукенова Р.С.

Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы: библиографиялық көрсеткіш. Библиографический указатель/ Құрастырушы Р.С.Тукенова. –Шымкент, ОҚМПУ кітапханасы, 2023. -20 бет.

Жүсіпбек Аймауытов (1889 жыл – 1931 жыл) — қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.

Бұл библиографиялық көрсеткіште Жүсіпбек Аймауытовтың шығармаларына библиографиялық шолу жасалып, кітаптардың толық мәтінді қоры жүктелген сайттың электронды адресі көрсетілген.

Библиографиялық көрсеткіш көпшілік оқырмандарға, білімгерлерге, ізденімпаздарға арналған.

@roza-2365@ mail.ru

ӨМІРДЕРЕК

Жүсіпбек Аймауытов (1889—1931) — қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі.

Туып өскен жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бұрынғы «Қызыл ту», қазіргі Жүсіпбек Аймауытов ауылы.

Әкесі Аймауыт кедей болғанымен, арғы аталары Дәндебай мен Қуан атақ-абыройлы, бай, ел арасында білікті кісілер екен. Жүсіпбек жастайынан арабша хат тану, оқу үйренген. 1907 ж. бастап Баянауылдағы орысша-қазақша екі кластық мектебінде, Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық мектебінде, Керекудегі екі класты орыс қазақ мектебінде тиіп-қашып оқиды. Бір жағынан бала оқытып, қаражат табады.

1911—1914 жж. ауылда мұғалім болып істейді.

1914 жылы Семейдегі оқытушылар семинариясына қабылданады. Оны 1918 жылы аяқтап шығады. Мұнан соң алашордашылардың істеріне араласып, Семейде «Абай» журналын шығарысып, Қ. Сәтбаевпен, М. Әуезовпен танысады. Кейін Алашордадан бөлініп, Коммунистік партия қатарына өтеді (1919).

Қазақстан Кеңестерінің Құрылтайы съезіне делегат болып қатысып, Қазақ АҚСР Халық ағарту комиссариаты комиссарының орынбасары болып тағайындалады (1920).

Мұнан соң Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі (1921), «Қазақ тілі» газетінің редакторы. Қарқаралыда мектеп мұғалімі (1922—1924), Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің бөлім меңгерушісі (1924—1926), Шымкент педагогикалық техникумының директоры (1926—1929) қызметтерін атқарады.

1929 ж. басталған кеңестік қуғын-сүргін кезінде Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген жаламен тұтқындалып, ұзақ тергеуден кейін 1931 жылы ату жазасына сырттай үкім шығарылған. Шымкенттегі педагогика техникумының директорлығы - міне, мұның бәрі Аймауытовтың жаңа өмірді орнықтыру жолындағы күрес жолын, өмір белестерін көрсетеді. 1929 ж. басталған зобалаң кезінде қармаққа ілінген Жүсіпбек 1931 ж. атылған. Астан-кестең ауыр, бірақ ерекше қуатты да қызық, әлеуметтік төңкерістер, ұлы революциялар заманында өмір сүрген Аймауытов өзінің осы қысқа

ғұмырында артына аса бай, бағалы әдеби, ғылыми мұра қалдырып үлгірді. Ол В. Шекспир, В. Гюго, Г. Мопассан, А. С. Пушкин, Н. В. Гоголь, Л. Н. Толстой шығармаларын, «Интернационалды», бірқатар ғылыми еңбектерді аударды, педагогика, психология, методика, эстетик. тәрбие туралы зерттеулер тудырды; әдебиет, эстетика, сын саласына араласты; сан алуан публицистик. мақалалар жазды; «Қартқожа», «Күнекейдің жазығы», «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьесалары, «Комплексті оқыту жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы» еңбектері - күрделі таланттың қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орны бар шығармалар. 1918-19 ж. Семей қаласындағы М. Әуезовпен бірлесіп «Абай» журналын шығарды. Осы журналда «Екеу» деген бүркеншік атпен, Әуезовпен бірлесіп, «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, № 2), «Абайдан кейінгі ақындар» («Абай», 1918, № 3) деген мақалалар жазды. Бұл мақалаларда Абай өмірінің бірталай қыры сөз болып, оның поэтик, мұрасының аса құндылығы көрсетіліп, кейінгі ақындардың ұлы ұстаздан үйренуі шарт екендігі нұсқалды, Пушкин орыс әдебиетінде қандай тарихи қызмет атқарса, Абай да қазақ әдебиеті үшін сондай тарихи іс тындырғаны орнықты дәлелденген. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуына, оның поэтикалық мәдениетінің ержетуіне Абай шығармаларының қаншалықты әсері барлығын көрсеткен. Абай поэзиясының ұлттық дәстүрмен қоса Шығыс, Батыс әдебиеттерімен байланысы қарастырылған. Аймауытов - қазақ әдебиетінде Абайдың шығармашылық мұраттарын ілгері жалғастырған ең ірі тұлғалардың бірі.

Жүсіпбек Аймауытовтың қанатты сөздері

Адамда аз да болса бір үміт, бір таяныш болу керек. Ондай таяныш болмаса тіршілік етіп не керек

Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт— жас күнде көрген өнеге.

Бір әріп үйреткенге 40 жыл сәлем бер.

Ұстаз – анаңдай ұлы.

Ұстаз ұстаз емес өз шәкірті үшін күймесе, шәкірт шәкірт емес өз ұстазын сүймесе.

Ашық көңілді, сауықшыл ел-жұрттың баласы да сауықшыл, ер болмақ.

Ана мейірімімен ұстаз мейірімі егіз.

Ұстазы жақсының ұстамы жақсы.

Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілу қатар жүреді.


Мектеп – кеме, білім – теңіз. Барар жерге тез жетеміз.

Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы,
өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.

Ана тілі – жүректің терең сырларын, басынан кешкен дәуірлерін,
қысқасы, жанның барлық толқындарын ұрпақтың-ұрпаққа жеткізіп
сақтап отыратын қазына...

Ана тілің - асылың,
Оны білмеген - масылың.

Ж.АЙМАУЫТОВ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ:

	<p>821.512.122 А 36 Аймауытов Ж. Ақбілек повесть, роман.. [Мәтін]:- Алматы: Өнер, 1990.- 336 б. 1937 жылғы репрессия құрбаны болған халқымыздың аяулы ұлдарының бірі - Ж.Аймауытов творчествосы қайта құру саясатының арқасында елімен қайта қауышты. Әдебиеттің барлық жанрына дерлік қалам тартқан Ж.Аймауытов артына творчестволық мол мұра қалдырған үлкен дарын иесі. Бұл жинаққа оның "Сылаң қыз", "Мансапқорлар", "Рәбиға", "Ел қорғаны", "Қанапия - Шәрбану", "Шернияз" драмалық шығармалары мен екі аударма пьесасы еніп отыр. http://e-kitap.kz/book/3273</p>
	<p>821.512.122 А 36 Қирабаев Серік. Жүсіпбек Аймауытов. Өмірі мен</p>



шығармашылығы. [Мәтін]:- Алматы: Ана тілі, 1993.- 220 б.

Ғалымның бұл еңбегінде Жүсіпбек Аймауытовтың осы қиын да күрделі тағдыры әңгімеленіп, өмір жолы болмыс бітімі, тыныс-тірлігі жан-жақты суреттеледі.

821.512.122

А 36

Аймауытов Ж. Ақбілек повесть, роман..

[Мәтін]:- Алматы: Елорда, 1998.- 325 б.

«Ақбілек» романы - бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі. Шығарманың бас кейіпкері Ақбілек өшіккен адамдардың кесірінен ақ әскерлердің тұтқынына түсіп, неше қилы қорлық көреді. Өз елінде де алуан қиындықтарға жолығады. Кейін төңкеріс аяқталған соң қалаға кетіп, оқу оқып, өз бақытын табады. Ақбілектің басынан өтетін осы оқиғалар арқылы жазушы сол бір қиын-қыстау кезеңдегі қазақ ауылдарындағы өмір шындығын, адамдардың түрлі тағдырын кеңінен бейнелейді.

<http://e-kitap.kz/book/3754>



821.512.122

А 36

Аймауытов Ж. Ақбілек роман.. [Мәтін]:-

Алматы: Раритет, 2003.- 240 б.

Қазақ қызының шырғалаң тағдыры туралы Жүсіпбек Аймауытовтың бұл романы әлеуметтік сілкіністер заманының, реалистік жаңа қазақ

	<p>әдебиеті қалыптасуы кезеңінің көрікті де кемел туындысы ретінде бағаланған. Аудармашы Х. Өзденбаевтан алынған нұсқа бойынша 1989 жылдан бері қарай жазушының шығармалар жинақтарына енгенімен, түрлі мәтіні бір ізге келтіріліп, дербес басылымы тұңғыш рет жүзеге асырылып отыр.</p> <p>http://e-kitap.kz/book/3788</p>
	<p>821.512.122 А 36 Аймауытов Ж. Ақбілек повесть, роман.. [Mәтін]:- Алматы: Атамұра, 2003.- 280 б.</p> <p>Ж.Аймауытов қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихында аса бай құнды әдеби мұра қалдырды. Осы жинаққа жазушының Ақбілек романы мен Күнікейдің жазығы повесі еніп отыр. Аймауытов бұл шығармаларында сол бір аласапыран жылдардағы қазақ ауылы өмірінің шындығын, адамдар тағдырындағы өзгерістерді, ел тұрмысын, заман тынысын кеңінен сүреттейді. Жинақ қалың оқырман қауымға арналған.</p> <p>http://e-kitap.kz/book/3788</p>
	<p>821.512.122 А 36 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы т.1. Романдар. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Жібек жолы, 2003.- 280 б.</p> <p>Қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткері, шын мәніндегі көркем сөз шебері Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалар жинағы пьесың бірінші томына ң поэзиялық тундылары мененд сахалалрында қанлалрында. Кітап көпшілік оқырманға арналған.</p> <p>http://e-kitap.kz/book/3329</p>
	<p>821.512.122</p>



А 36

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы т.2. Романдар. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Жібек жолы, 2003.- 312 б.

"Ақбілек" - Жүсіпбек Аймауытовтың қаламынан туған психологиялық роман. Роман тұңғыш рет 1927 жылы "Әйел теңдігі" журналында жарияланды. Ақбілек романы - қазақ ауылындағы дүрбелең жылдар шындығын, олардың дәстүрі мен тұрмысын, жекелеген адамдардың іс-әрекеттері мен қарым - қатынастарын, әсіресе негізгі тұлға - Ақбілектің қызығынан қиындығы мол өмір жолдары жайында мұң мен шер де, сыр да толғайтын туынды. Бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процессін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі. "Қартқожа" романы - Жүсіпбек Аймауытовтың 1926 жылы Қызылордада жеке кітап болып басылып шыққан туындысы. Бас кейіпкердің прототипі - Қартқожа Жананұлы Тоғанбаев. Бұл қазақ кедейінің өмірін, оның әлеуметтік арпалыстар кезіндегі күрделі тағдырын эпикалық үлгіде көркем бейнелуге арналған қазақ әдебиетінің алғашқы елеулі шығармасы. Онда қазақ ауылының революция алдындағы және әлеуметтік қақтығыстар кезіндегі тіршілігі, азаттық жолындағы күрестен кейінгі жаңаша ұмтылысы шыншылдықпен бейнеленеді.

<http://e-kitap.kz/book/3331>

821.512.122

А 36

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы т.3. Повест әңгімелер аудармалар. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Жібек жолы, 2005.- 304 б.

Жүсіпбек Аймауытов шығармалар




жинағының үшінші томына повесть әңгіме және көркем аудармалар топтастырылды. «Күнікейдің жазығы» әйел теңдігі тақырыбына арналса, «Елес», «Әнші», «Қара бақсы» әңгімелеріне қазақ өмірінің көкейкесті мәселелері арқау болған.

Әлем әдебиетінің озық үлгілерінен тәржімаланған шығармалар ХХ ғасыр басындағы көркем аударманың көркемдік кестесі мен тіл өрнектілігін байқатады.

Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен ізденушілер, аспиранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихын білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.

<http://e-kitap.kz/book/5011>




821.512.122

А 36

Аймауытов Ж. Ақбілек әңгімелер. [Мәтін]:
.- Алматы: Өлке, 2012.- 280 б. Жүсіпбек

Аймауытовтың бұл жинағына өзі өмір сүрген заманындағы әлеуметтік төңкерістер, әйел теңдігі, оның қоғамдағы орны туралы баяндайтын "Ақбілек" романы мен ел сүйіспеншілігіне бөленген өнер адамының өмірдегі қарапайым қасиеттерін бейнелейтін "Әнші" әңгімесі, сондай-ақ тынымсыз ізденісті мақсат тұтқан "Елес" әңгімесі енгізілді. Ж. Аймауытов сол бір аласапыран жылдардағы қазақ ауыл өмірінің шындығын, адамдар тағдырындағы өзгерістерді, октябрь революциясының жеңісін, кедейлер мен әйелдердің теңдік алып бақыт жолын тапқанын жүйелі түрде суреттейді. Жазушы халықтың әлеуметтік рухани азаттыққа, жаңа өмірге ұмтылуын кейіпкерлердің тағдыры арқылы, Ақбілек образы арқылы ұлттық сана-сезімнің ояну процестерін, даму эволюциясын көрсетеді.

<http://e-kitap.kz/book/3755>.




821.512.122

А 36

Аймауытов Ж. Қартқожа. Күнікейдін жазығы. Өлеңдер шығармалар жинағы. [Мәтін]:
.- Алматы: Өлке, 2012.- 304 б.

Адамның рухани жаңаруы, тазаруы Жусипбек Аймауытовтың шығармаларына тән тақырып. "Қартқожа" романдағы Қартқожаны жазушы бірден озық идеялы қаһарман етіп жібермей, қоғамдағы теңсіздікті, жоқшылықты, әділетсіздікті көріп өскен, өмір талқысына түскен оны сабақ ала отырғызып, біртіндеп көзін ашады. Ел үшін күйген, оқуға, білімгер деген құштарлық Қартқожаны біртіндеп саналы күреске бет бұрғызады. Автордың халықтық ойлары Қартқожа бейнесі арқылы өрбіп, дамиды. Қазақ қызының өз теңдігін қорғаудағы үлкен жеңісін "Күнікейдін жазығы" повесі шынайы, тартымды етіп баяндайды. Халықтың сол кездегі салт - дәстүрлері, жастардың ойын - сауық ұйымдастыруы, көш, қыз ұзату сияқты тұрмыс тіршілігі оқырманды кейде күлдіреді, кейде ойға қалдырады... Кітап жалпы орта білім мектеп, гимназия, лицейлердің оқушыларына, жоғары оқу орындарына түсетін талапкерлерге, студенттерге, жалпы көпшілік оқырманға арналады.

<http://e-kitap.kz/book/3764>.







821.512.122



А 36



Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы т.1. Пьесалар, өлеңдер. [Мәтін]:
Шығармалар.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 384 б.

Ж. Аймауытов шығармалар жинағының бірінші томына театр сахналарында қойылған драмалық шығармалары мен мерзімді басылым беттерінде жарық көрген поэзиялық туындылары топтастырылды. Том 1997 жылғы басылым бойынша дайындалып, толықтырылды. Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен ізденушілер,

	<p>аспиранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихын білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған. http://e-kitap.kz/book/5122</p>
	<p>821.512.122 А 36 Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы т.2. Романдар. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 384 б.</p> <p>Жүсіпбек Аймауытов-қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Оның шығармашылығы сан қырлы. Бұл томға "Ақбілек", "Қартқожа" романдары еніп отыр. 1996 жылы Жүсіпбектің бес томдық шығармалар жинағы шыққан болатын. Содан бергі уақытта оның шығармашылығы ғылыми зерттеліп, жаңадан бірсыпыра туындылары табылды. Қаламгердің шығармалары алты томға толықтырылып, қайта жарияланып отыр. Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен ізденушілер, аспиранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихын білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған. http://e-kitap.kz/book/5123</p>
	<p>821.512.122 А 36 Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы т.3. Повесттер мен әңгімелер, аудармалар. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 384 б.</p> <p>Ж.Аймауытов шығармалар жинағының үшінші томына повесть, әңгіме және көркем аудармалар топтастырылды. "Күнекейдің жазығы" әйел теңдігі тақырыбына арналса, "Елес", "Әнші", "Қара бақсы" әңгімелеріне қазақ өмірінің көкейкесті мәселелері арқау болған. Әлем әдебиетінің озық үлгірінен тәржімаланған шығармалар ХХ ғасыр басындағы көркем аударманың көркемдік кестесі мен тіл өрнектілігін</p>

	<p>байқатады. Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен ізденушілер, аспиранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихы білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.</p> <p>http://e-kitap.kz/book/5124</p>
	<p>821.512.122 А 36</p> <p>Аймауытов Ж.Алты томдық шығармалар жинағы т.4. Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 384 б.</p> <p>Жүсіпбек Аймауытовтың бес томдық шығармалар жинағының төртінші томына оның көзі тірісінде жеке-жеке кітап болып басылған педагогикалық зерттеулері, "Психология", "Жан жүйесі мен өнер таңдау" атты ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектері еніп отыр. Том 1997 жылғы басылым бойынша теріліп, басуға ұсынылды. Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен ізденушілер, аспиранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихы білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.</p> <p>http://e-kitap.kz/book/5126</p>
	<p>821.512.122 А 36</p> <p>Аймауытов Ж.Алты томдық шығармалар жинағы т.5. Пьесалар, өлеңдер. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 384 б.</p> <p>Бұл томға Ж.Аймауытовтың педагогикалық оқу орны мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған "Тәрбиеге жетекші" (1924) және 2-сынып оқушыларына арналған "Жаңа ауыл" (1929) оқулықтары еніп отыр. Бастауыш мектептің 2-сыныптары үшін жұмыс кітап 1930 жылы Ғ.Мүсіреповтің түзетіп, толықтыруымен қайта жарияланды. Бұл оқулық бірінші рет жарияланып отыр. Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен</p>

	<p>ізденушілер, аспиранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихы білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.</p> <p>http://e-kitap.kz/book/5127</p>
	<p>821.512.122 А 36 Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы т.6. Пьесалар, өлеңдер. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 384 б.</p> <p>Қазақтың ұлттық әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті қайраткері Ж.Аймауытовтың алты томдық шығармалар жинағының осы томына оның "Комплекспен оқыту жолдары" атты оқу-әдістемелік еңбегі мен әр жылдарда баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары, хаттары енді. Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен ізденушілер, аспиранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне және ұлт әдебиеті мен тарихы білгісі келетін әдебиет сүйер қауымға арналған.</p> <p>http://e-kitap.kz/book/5128</p>
	<p>821.512.122 А 36 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы т.5. Пьесалар, өлеңдер. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Ғылым, 2013.- 304 б.</p> <p>Жүсіпбек Аймауытовтың бес томдық шығармалар жинағының бесінші томына "Комплекспен оқыту жолдары" атты оқу-әдістемелік еңбегі мен әр жылдарда баспас беттерінде жарияланған мақалалары, хаттары енді.</p> <p>http://e-kitap.kz/book/4652</p>
	<p>821.512.122 А 36 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы т.3. Пьесалар, өлеңдер. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Ғылым, 2013.- 304 б.</p>


	<p>Қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткері, шын мәніндегі көркем сөз шебері Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалар жинағының үшінші томына оның көзі тірісінде театр сахналарында қойылған, кітап болып басылған пьесалары мен кезінде баспасөзде жарияланған поэзиялық туындылары енді. Кітап көпшілік оқырманға арналған.</p> <p>http://e-kitap.kz/book/3272</p>
	<p>821.512.122 А 36 Аймауытов Ж. Ақбілек. Роман. [Мәтін]: Шығармалар.- Алматы: Ел-шежіре, 2013.- 320 б.</p> <p>Ж.Аймауытов қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихында аса бай құнды әдеби мұра қалдырды. Осы жинаққа жазушының Ақбілек романы мен Күнікейдің жазығы повесі еніп отыр. Аймауытов бұл шығармаларында сол бір аласапыран жылдардағы қазақ ауылы өмірінің шындығын, адамдар тағдырындағы өзгерістерді, ел тұрмысын, заман тынысын кеңінен сүреттейді. Жинақ қалың оқырман қауымға арналған.</p> <p>http://e-kitap.kz/book/3788</p>
<p>Ж. Аймауытов Күнікейдің жазығы</p> 	<p>821.512.122 А 36 Аймауытов Ж. Күнікейдің жазығы.</p> <p>«Күнікейдің жазығы» – өткен ғасыр басында жазылған шығармалардың ішіндегі ең бір қарама-қайшылыққа толы, әлі де пікірталас тудырып келе жатқан, психологиялық иірімдері қарапайым кісіні қанша талпынса да бойлатпас, бір емес, бірнеше ойдың сорабын салар, бір емес, бірнеше сезімнің сүрлеуін көрсетер аса күрделі шығарма.</p> <p>https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=</p>


Жүсіпбек Аймауытов — Ақбілек
(аудиокітап)



Ақбілек романындағы барлық оқиғалар тікелей өмірден алынған. Ақбілек романы - қазақ ауылындағы дүрбелең жылдар шындығын, олардың дәстүрі мен тұрмысын, жекелеген адамдардың іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарын, әсіресе негізгі тұлға - Ақбілектің қызығынан қиындығы мол өмір жолдары жайында мұң мен шер де, сыр да толғайтын туынды. Бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі. Сонымен бірге халқымыздың өткен өмір көріністерін, адамдар арасындағы көзқарастар қақтығысын, ел мен жер, келешек күндерге деген наным, сенімдері серпінді, шабытты, көркем кестеленеді. Кейіпкерлер келбеті, іс-қимылдары да нанымды жеткізіледі. Қазақ төңкерісінен кейінгі қазақ ауылының өмір-тірліктері, ақ гвардияшылар әрекеті кеңінен көрініс береді. Романда көтерілген басты мәселе - қазақ қызының тағдыры, әйел теңсіздігі. «Ақбілек» романы - бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі. Шығарманың бас кейіпкері Ақбілек өшіккен адамдардың кесірінен ақ әскерлердің тұтқынына түсіп, неше қилы қорлық көреді. Өз елінде де алуан қиындықтарға жолығады. Кейін төңкеріс аяқталған соң қалаға кетіп, оқу оқып, өз бақытын табады. Ақбілектің басынан өтетін осы оқиғалар арқылы жазушы сол бір қиын-қыстау кезеңдегі қазақ ауылдарындағы өмір шындығын, адамдардың түрлі тағдырын кеңінен бейнелейді.

https://vk.com/wall-88875282_2274

	<p>821.512.122 К 17 Каленова Т. ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ: қайраткерлігі, ағартушылығы, саяси көзқарасы. Монография. –Алматы:»Эверо» баспасы, 2015. -218 бет. ISBN 978-601-240-453-10</p> <p>Жүсіпбек Аймауытов көпшілік оқырманға жазушы ретінде танымал. Ал оның қоғамдық-саяси қызметі беймәлім болып келді. Бұл еңбекте Ж. Аймауытовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі, яғни оның қоғам қайраткері болып қалыптасу эволюциясы, 1917-1930 жж. қоғамдық - мемлекеттік қызметі мен қуғындалу кезеңі республика көлеміндегі мемлекеттік мұрағат деректері мен Өзбекстан Республикасының мемлекеттік мұрағат қорларының құжат материалдары негізінде тұтас қарастырылады. Сонымен қатар, Ж.Аймауытовтың творчестволық мұрасына жүйелі түрде тарихи талдау жасалынды. Кітап тарихшыларға, жоғары оқу орны студенттеріне және жалпы оқырман қауымына арналады. Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми Кенесі ұсынған.</p>
	<p>821.512.122 А 13 Әбдікова Қ. Ж.Аймауытов туындыларындағы тұлға: оқу құралы. – Алматы:Қазақ университеті,2011. -90б. ISBN 978-601-247-308-7</p> <p>Оқу құралы филология факультетінің студенттері мен магистранттарына арналған. Ұсынылып отырған оқу құралында Ж. Аймауытовтың "Қартқожа" және "Ақбілек" романдарындағы тұлға мәселесі қарастырылған. Жазушының дүниетанымдық және көркемдік бейнелеуінің қайнар көздері анықталып, образдар</p>



жүйесі, олардың жасалу ерекшеліктері мен негізгі ұстанымдары, сонымен қатар кейіпкердің ішкі әлемін суреттеу амалдары талданады.



821.512.122

T 86

Тұрысбек Р.С. Жүсіпбектану. Оқу құралы. 1-том. - Алматы: ЭСПИ, 2021. - 230 бет ISBN 978-601-337-181-8

Оқу құралында Алаш ардағы, көрнекті каламгер Жүсіпбек Аймауытұлының өмірі мен шығармашылығы кең көлемде қарастырылады. XX ғ.б. қоғамдық құбылыстар, 30-жылдардың ойраны, алапат аштық пен қуғын-сүргіннің сыр-сипаттары да тиісті тұстарда тілге тиек етіледі. Автор жазушы еңбегі мен шығармашылық зертханасына еркін еніп, тақырыптық ерекшеліктерді, жанр жүйесін кеңінен сөз етеді. Жаңа ғасыр басындағы қоғамдық құбылыстар мен кезең көріністерін, адам мұраты мен еңбегін, көркемдік кеңістігі мен рухани-эстетикалық құндылықтар мәнін, уақыт бедері мен тіл мүмкіндіктерін, стильдік сипаттарды жан-жақты ашады. Автор мұраты, әдеби шығармашылық, көркемдік кеңістігі, стильдік құбылыстар мәні айқындалады. Оқу құралының «Қосымша» бөлігінде пәнді оқытудың мәні, мақсат- мұраттары, дәріс пен практикалық сабақтар жүйесі, аралық бақылау мен тест тапсырмалары орын алады.

**ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЭЛЕКТРОНДЫ НҰСҚАСЫ ЖҮКТЕЛГЕН
САЙТТАРҒА СІЛТЕМЕЛЕР:**

Презентация Power point: <https://elibrary.kaznu.kz/wp-content/uploads/2020/05/aimautov-190822101135.pdf>

Жүсіпбек Аймауытовтың шығармалары: <http://e-kitap.kz/author/1106/books>

МАЗМҰНЫ

РЕТ№	ТАҚЫРЫБЫ	БЕТІ
1	Өмірдерек	3
2	Еңбектерінің библиографиялық сипаттамасы.	4
3	Еңбектерінің электронды нұсқасы жүктелген сайттарға сілтемелер.	5